

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қорғауға ұсыну үшін Бұраева
Жанат Бауыржановнаның «Болашақ информатика мұғалімдерінің
педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбында
дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ШКІРІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыты - мұғалімдерді даярлау, мұғалімнің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру үшін жағдай жасау, оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыру.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның бүкіл педагогикалық қызметі барысында дамиды, ал оның шығармашылық белсенділігі өз жұмысында жалпыға бірдей жетістікке жетудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Студенттердің білімге деген құштарлығын тек шығармашылықпен басқаратын мұғалім ғана арттыра алады, сондықтан әр мұғалім өзінің шығармашылық қабілетін дамыту керек, бұл оның кәсіби құзіреттілігінің көрсеткіші болып табылады.

Жоғары оқу орындары - бұл өмір мен жеке тұлғаны дамыту кеңістігі, сондықтан студенттерді оқыту проблемасы өзекті мәселе болып табылады, өйткені университеттер өз халқының болашағын құратын болашақ мамандарды дайындайды. Студенттердің құрдастарымен және оқытушылармен барлық қарым-қатынасы, сонымен қатар оқу барысында алған білімі мен құзыреттілігі студенттердің жеке басының шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Осы мәселелер докторант Бұраева Жанат Бауыржановнаның диссертациясында көрініс тапқан, бұл жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Диссертацияның құрылымы ғылыми зерттеулердің мәнін логикалық түрде көрсетеді және кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Диссертанттың теориялық білім жоғары, ол тәуелсіз ойлау қабілетімен, нәтижелі ойларды алға тарта білуімен, нақты әдіснаманы таңдап, ұсынылған идеяларды тұжырымдай білуімен ерекшеленеді. Жұмыс барысында докторант зерттеу тақырыбына арналған көптеген әдебиеттерді талдады.

Ж.Б. Бұраева диссертациялық зерттеуінің тақырыбына сәйкес бағытта біраз уақыт жұмыс істеп, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Диссертациялық жұмысты жаңа ғылыми негізделген теориялық және тәжірибелік нәтижелерден тұратын ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады, олардың

